



УДК 902.904 (517)
МРНТИ 03.41.91

<https://doi.org/10.52967/akz2023.1.19.68.83>

Номгон-2 көне түрік ғұрыптық кешені зерттеулерінің кейбір нәтижелері

© 2023 ж. Қыдырәлі Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Бөгенбаев Н., Буянхшиг Ц., Батболд Г.

Keywords: archaeology, Nomgon, Kutluk-kagan, ancient Turkic writing, Sogdian writing, Brahmi writing, ritual complex, stone sculpture, chronology

Түйін сөздер: археология, Номгон, Құтлұқ қаған, көне түрік бітік жазу, соғды жазуы, брахми жазуы, ғұрыптық кешен, бәдіз-тасмүсін, хронология

Ключевые слова: археология, Номгон, Кутлук-каган, древнетюркская письменность, согдийская письменность, брахмийская письменность, поминальный комплекс, каменное изваяние, хронология

Darkhan Kydyrali¹, Altangerel Enkhtur², Napil Bazylkhan^{1*}, Nurbolat Bogenbayev¹, Tserenkhand Buyanhishig² and Gonçigiin Batbold²

¹Prof., Dr., International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan. E-mail: office@twesco.org

²PhD, Associate Professor, Head of the medieval sector, Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences, Ulaanbaatar, Mongolia. E-mail: aenkhtur2001n@gmail.com

^{1*}Corresponding author, Candidate of Philological sciences, Research expert, International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan. E-mail: [napilbaz@gmail.com](mailto:nopilbaz@gmail.com)

¹PhD, Research expert, International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan. E-mail: nurik198080@mail.ru

²Researcher, Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences, Ulaanbaatar, Mongolia. E-mail: buyaka345@gmail.com

²Dr., Researcher, Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences, Ulaanbaatar, Mongolia. E-mail: boldoog@gmail.com

Some results of the study of the ancient Turkic memorial complex Nomgon-2

Abstract. In 2019 and 2022, the International Turkic Academy and the Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences have begun a joint archaeological research and the first excavations of nine memorial complexes of the ancient Turkic era in the Nomgon valley of the Khashaat sum of the Arkhangay aimag of Mongolia. During the excavations carried out at the memorial complex Nomgon-2, it was found that this complex was dedicated to Kutluk-Kagan, the founder of the Second Turkic Kaganate, Elteris-Kagan, who ruled in 682-692, the father of the famous Bilge-Kagan and Kultegin. The head and lower part of the stone statue of the kagan, two parts of the head of the stone statue, two statues of a ram, statues of a lion with two cubs, and a number of other artifacts, such as clay roofing, bricks, a cubic stone with a hole in the middle and kagan tamgas “eshir” (ashina) on balbals, were found in the complex. A special news for the world of Turkology is the discovery of a stele with an inscription. There, during archaeological excavations, the upper part of the stele with the image of two wolves and floral patterns was discovered for the first time, as well as the lower part with fragments of ancient Turkic texts written in the runic, Sogdian and Brahmi alphabets.

For citation: Kydyrali, D., Enkhtur, A., Bazylkhan, N., Bogenbayev, N., Buyanhishig, T., Batbold, G. 2023. Some results of the study of the ancient Turkic memorial complex Nomgon-2. *Kazakhstan Archeology*, 1 (19), 68–83 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2023.1.19.68.83](https://doi.org/10.52967/akz2023.1.19.68.83)



**Дархан Қыдырәлі¹, Алтангэрэлийн Энхтөр²,
Напил Базылхан^{1*}, Нұрболат Бөгенбаев¹,
Цэрэнхандын Буянхишиг², Гончигийн Батболд²**

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Ғылым Академиясының академигі,
Халықаралық Түркі академиясы,
Астана қ., Қазақстан

²PhD, доцент, орта ғасырлар секторының
меңгерушісі, Моңғолия Ғылым академиясы
Археология институты, Ұланбатыр қ., Моңғолия

¹корреспондент авторы, филология ғылымдарының
кандидаты, ғылым бөлімінің аға сарапшысы,
Халықаралық Түркі академиясы, Астана қ., Қазақстан

¹PhD, Халықаралық Түркі академиясы, ғылым
бөлімінің сарапшысы, Астана қ., Қазақстан

²ғылыми қызметкер, Моңғолия Ғылым
академиясының Археология институты,
Ұланбатыр қ., Моңғолия

²PhD, ғылыми қызметкер, Моңғолия Ғылым
академиясының Археология институты,
Ұланбатыр қ., Моңғолия

Номгон-2 көне түрік ғұрыптық кешені зерттеулерінің кейбір нәтижелері

Аннотация. Халықаралық Түркі академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясының Археология институты бірлескен экспедициясы 2019 және 2022 жж. Моңғолияның Архангай аймағы Хашаат сұмыны Номгон алқабындағы көне түрік дәуірінің 9 дана ғұрыптық кешендерінде алғашқы археологиялық барлау және қазба жұмыстарын бастаған болатын. Номгон-2 ғұрыптық кешенінде жүргізілген қазба барысында осы кешен «екінші» Түрік қағандығын жаңғыртушысы Құтлұқ қаған яғни 682–692 жж. билік құрған Елтеріс қағанға, әйгілі Білге қаған мен Күлтегиннің әкесіне арналғандығы анықталды. Кешеннен қаған кескінді бөрікті бәдіздің басы мен төменгі тұсы, екі кішігірім бас мүсін тұсы, екі қошқар, екі алаңды арыстан тас мүсіні және құрылыстың қыш төбе жапқыштары, кірпіштері, ортасы ойық текше тас (алтарь), балбалдардан «ешір» (ашина) қаған әулетінің таңбалары секілді бірсыпыра артефактілер анықталды. Әлемдік түркология үшін ерекше жаңалық – жазулы бітіктас жаңадан табылды. Онда екі бөрі және суғалдақ гүл бейнеленген бітіктастың төбе тұсы мен одан төменгі тұсында көне түрік, соғды, брахми жазулы мәтіндердің үзінділері қашалған сынық бөлігі археологиялық қазбалар барысында алғаш рет табылып отыр. Көне түрік және соғды мәтін үзінділерінде «Құтлұқ қаған» деп анық жазылған.

**Дархан Кыдырәли¹, Алтангэрэлийн Энхтөр²,
Напил Базылхан^{1*}, Нурболат Богенбаев¹,
Цэрэнхандын Буянхишиг², Гончигийн Батболд²**

¹доктор исторических наук, профессор, академик
Национальной Академии наук РК,
Международная Тюркская академия,
г. Астана, Казахстан

²PhD, доцент, заведующий сектором средневековья,
Институт археологии Академии наук Монголии,
г. Улан-Батор, Монголия

^{1*}автор-корреспондент, кандидат филологических
наук, старший эксперт отдела науки,
Международная Тюркская академия,
г. Астана, Казахстан

¹PhD, эксперт отдела науки, Международная
Тюркская академия, г. Астана, Казахстан

²научный сотрудник, Институт археологии
Академии наук Монголии, г. Улан-Батор, Монголия

²PhD, научный сотрудник, Институт археологии
Академии наук Монголии, г. Улан-Батор, Монголия

Некоторые результаты исследования древнетюркского поминального комплекса Номгон-2

Аннотация. В 2019 и 2022 гг. Международная Тюркская академия и Институт археологии Монгольской академии наук начали проводить совместные археологические исследования и первые раскопки девяти поминальных комплексов древнетюркской эпохи в Номгонской долине Хашаатского сомона Архангайского аймака Монголии. В ходе раскопок, проведенных на поминальном комплексе Номгон-2, было установлено, что этот комплекс был посвящен Кутлук-кагану, основателю II Тюркского каганата, Эльтерису-кагану, правившему в 682–692 гг., отцу знаменитых Бильге-кагана и Кюльтегина. В комплексе обнаружены голова и нижняя часть каменного изваяния кагана, две части головы каменного изваяния, две статуи барана, статуи льва с двумя львятами и ряд других артефактов, таких как глиняные кровельные покрытия, кирпичи, кубический камень с отверстием посередине и каганские тамги «эшир» (ашина) на балбалах. Особая новость для мировой тюркологии – обнаружение стелы с надписью. Там в ходе археологических раскопок впервые была обнаружена верхняя часть стелы с изображением двух волков и цветочные узоры, а также и нижняя часть с фрагментами древнетюркских текстов, написанных руническим, согдийским и брахмийским алфавитом.



Сілтеме жасау үшін: Қыдырәлі Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Бөгенбаев Н., Буянхишиг Ц., Батболд Г. Номгон-2 көне түрік ғұрыптық кешені зерттеулерінің кейбір нәтижелері. *Қазақстан археологиясы*. 2023. № 1 (19). 68–83-бб. [DOI: 10.52967/akz2023.1.19.68.83](https://doi.org/10.52967/akz2023.1.19.68.83)

Для цитирования: Кыдырали Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Бөгенбаев Н., Буянхишиг Ц., Батболд Г. Некоторые результаты исследования древнетюркского поминального комплекса Номгон-2. *Археология Казахстана*. 2023. № 1 (19). С. 68–83 (на каз. яз.). [DOI: 10.52967/akz2023.1.19.68.83](https://doi.org/10.52967/akz2023.1.19.68.83)

1 Кіріспе (*Қыдырәлі Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Бөгенбаев Н.*)

Түріктер ұзақ жылдар бойы Еуразия кеңістігінде қуатты мемлекет құрып, төл мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, іргелес халықтардың да рухани-мәдени құндылықтарының дамуына айрықша ықпал етіп, әлемдік өркениетке сүбелі үлес қосты. Ұлы даланың әр тарапынан табылып жатқан далалық өркениеттің негізгі көрінісі – ұлы қорғандар, мәдениеттің үздік үлгісі – бәдіз-тасмүсіндер, Орхон, Енесей, Талас көне түрік бітік жазбалары және қайталанбас бейнелеу өнерінің үлгілері – қабырға фрескалары, петроглифтер, таңбалар, түрік мәдениетінің жоғары деңгейде дамығандығын көрсетеді. Мұндай ғажайып өнер туындылары түріктер мекендеген қазіргі Моңғолия, Тува, Алтай, Хакасия, Шығыс Түркістан, Қазақстан, Қырғызстан, Шығыс Еуропа мен Солтүстік Кавказ өңірлеріне дейін кеңінен таралған.


Әсіресе, Шығыс Түрік қағандығы дәуіріне тән ескерткіштердің ең көрнектілері – ғұрыптық кешендер. Бұлар қайтыс болған тұлғаның әлеуметтік дәрежесіне байланысты «сән-салтанатты» және «қарапайым» болып бөлінеді. Қарапайым үлгідегілер төртбұрышты етіп тастармен қоршалып, шығыс жағында кейде адам мүсіндері қойылады. Ал қаған, тегін сынды билеушілерге арналған мемориалдық құрылыстар ою-өрнекті тас плиталармен қоршалып, кешен аумағында адам және жануарлардың мүсіндері мен тасбақа үстіне орнатылған жазуы бар тас ескерткіштер яғни бітіктастар орнатылады. Жазулы тас ескерткіштегі мәтіндердің негізгі мазмұнында мемлекеттің ішкі, сыртқы саяси оқиғалары, әлеуметтік-қоғамдық өмірі, этникалық тарихы мен мемлекет құру жолындағы үздіксіз жорықтары баяндалады.

«Номгон» жазығындағы кешендерді алғаш рет 2000 ж. Моңғолияның белгілі археологы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Довдойн Баяр жергілікті мектеп мұғалімі Г. Дондов арқылы анықтап, мәлімет қалдырған және ғылыми мақала жариялады [Баяр 2010; 2014: 106–112; Вауар 2012: 25–35] (1-сур.). 2001 ж. археолог А. Энхтөр барлау-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Номгон-1–9 деп тоғыз кешеннің жалпы сипаттамасы мен сызбаларын жасады [Энхтөр 2001: 25]. 2007 ж. аталмыш кешендердің жалпы сипаттамасын А. Очир, Ц. Одбаатар, Л. Эрдэнэболд, Б. Анхбаяр [Очир және т. б. 2009: 35–47] жасады. Ал, 2012 ж. Моңғолия Мәдени мұра орталығы тарапынан зерттелген [Энхбат және т. б. 2012: 40–41; 2013: 86]. Дегенмен, бүгінге дейін бұл кешендерде арнайы археологиялық ғылыми-зерттеулер жүргізілмеген.

2 Материал және зерттеу әдістемесі

2.1 Зерттеу әдістемесі (*Энхтөр А., Батболд Г.*)

Номгон-2 ғұрыптық кешенін зерттеу барысында археологиялық, стратиграфиялық, топографиялық, картографиялық, салыстырмалы-типологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістер кеңінен қолданылды. Қазба жұмыстарында табылған артефактілердің фотосуреттері мен сызба суреттері алынды. Сондай-ақ, соңғы заманауи озық технологияны пайдалана отырып, әуеден



1-сур. Номгон-2 ғұрыптық кешенінің орналасуы, 2019 ж. Иллюстрацияны даярлаған Н. Базылхан

Fig. 1. Location of the Nomgon-2 ritual complex, 2019. Illustration prepared by N. Bazykhan

Рис. 1. Расположение ритуального комплекса Номгон-2, 2019 г. Иллюстрация подготовлена Н. Базылхан

фото және видео түсіру үшін дрон құралы қолданылды. Қазбадан табылған жануар сүйектеріне радиокарбондық сараптама жүргізілді. Көне түрік, соғды, брахми жазуларын оқу үшін археографикалық салыстырмалы әдістер пайдаланылды.

Теориялық және әдістемелік негіздердің бірі – тақырыпқа сай ғылыми монографиялар мен жекелеген мақалаларды да назардан тыс қалдырмай, салыстыра отырып, сараптама жасалды. Зерттеу жұмысына түрік тарихын бейнелейтін археологиялық ескерткіштерді, көне түрік бітік жазуларды және басқа жазба деректерді тілдік, тарихи және саяси-этникалық тұрғыда кешенді зерттеу үшін пәнаралық әдістер қолданылды.

2.2 Материал сипаттамасы (Энхтөр А.)

Номгон алқабында көне түрік дәуірінің тоғыз ғұрыптық кешені орналасқан. Кешендер орналасқан алқаптың солтүстігін Хөгнө Тарни, оңтүстігін Их (үлкен) Номгон, солтүстік-батысын Бага (кіші) Номгон таулары айнала қоршап жатыр (2-сур.). Осы таудың оңтүстігінде батыстан шығысқа қарай бірнеше шақырым «Элсэн тасархай» (Құм үзінділері) деп аталатын таза құм төбешіктері түзілген. Осы құмдардың оңтүстігімен Тарна өзені ағып жатыр.

Номгон-1 ғұрыптық кешені – іргелес жатқан кешендерден оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Кешенде басы мен қолы сынған, белдігі мен оқшантайы анық бейнеленген, малдас құрып отырған билік иесі тасмүсіні бар. Кешенде ор мен төртбұрыш пішінді топырақ үйіндісі анық байқалады. Балбалдар тізбегі болған, алайда көбі жоғалған.

Номгон-2 ғұрыптық кешені. Номгон-1 кешенінен солтүстікке қарай 500 м жерде орналасқан. Кешеннің үйінді топырақтары анық байқалады. Кешен орта тұсында ұңғылы текшетас, қойтас, екі дана жалпақ тас, балбалдар тізбегі бар.



2-сур. Номгон-1. Ғұрыптық кешендегі бәдіз-тасмүсін мен балбал, 2018 ж. Сурет А. Энхтөр
Fig. 2. Nomgon-1. Stone statue and balbal of the memorial complex. 2018. Photo by A. Enkhtur
Рис. 2. Номгон-1. Каменное изваяние и балбал поминального комплекса, 2018 г. Фото А. Энхтөр

Номгон-3 ғұрыптық кешені. Номгон-2 кешенінен батыс солтүстікке қарай 350 м жерде орналасқан. Кешенде екі тас қапталды барық (ғұрыптық жоралғылар атқаратын ғибадатхана) анық байқалады.

Номгон-4 ғұрыптық кешені. Номгон-3 кешенінен батыс солтүстікке қарай 200 м жерде орналасқан. Кешен біршама дөңестеу келген топырақты аласа қамалды келеді. Онда тас қапталды екі барық, екі тасмүсін, бір арыстан тасмүсін және бір балбал тас бар.

Номгон-5 ғұрыптық кешені. Номгон-4 кешенінен батыс солтүстікке қарай 500 м жерде орналасқан. Кешенде екі тас қапталды барық және шығысқа бағытталған балбалдар тізбегі бар.

Номгон-6 ғұрыптық кешені. Номгон-5 кешенінен батыс солтүстікке қарай 400 м жерде орналасқан. Кешенде тас қапталды бір барық бар.

Номгон-7 ғұрыптық кешені. Номгон-6 кешенінен батыс солтүстікке қарай 500 м жерде орналасқан. Кешенде екі тас мүсін мен екі арыстан мүсінінің сынықтары сақталған. Бұл кешеннен солтүстік шығысқа қарай 62 м қашықтықта тағы да екі адам тас мүсіні, үш тас ескерткіш, бір барық сақталған.

Номгон-8 ғұрыптық кешені. Аталмыш жазықтағы Номгон-7 кешенінен батыс солтүстікке қарай 1,2 км жерде орналасқан. Бұл жердегі тас ескерткіштер жер бетінде ашық жатыр. Екі тас мүсін, бір арыстан бейнелі тас бар.



Номгон-9 кешені. Номгон-8 кешенінен солтүстікке қарай 3,2 км жерде, Бага Номгон тауының биіктеу келген төбесінде жалпақ тастардан үйінді етіп тұрғызылған.

3 Нәтижелер (*Қыдырәлі Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Бөгенбаев Н., Буянхишиг Ц., Батболд Г.*)

Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілгенге дейін ғұрыптық кешен құрамында адам, қошқартас мүсіндері сақталғаны белгілі болды. Батыстан шығысқа қарай сопақша болып созылып орналасқан кешеннің жан-жағын ор етіп қазып, топырақтарын үйінді етіп қамал жасаған. Сонымен қатар кешенде кезінде қақпасы мен төбесі жабық ғимарат болғандығы әр жерден шашылып жатқан кірпіш сынықтары мен қыш жабындыларының қалдықтарынан байқалды. Кешеннің батыс жағында ортасында ойық тесігі бар төрт бұрышты үлкен текше тас (алтарь) орналасқан (3-сур.). Кешеннің сыртқы қоршауы айналдыра көк түсті гранит тастан жасалған балбалдармен қоршалған. Әзірге жердің бетінде жатқан балбалдардың саны 11 дана. Ал, ғұрыптық кешеннің қақпасынан шығысқа қарай 48 балбал тізіле орналасқан. Барлық балбалдар құлаған қалпында жатыр. Кейбір балбалдар жерге көміліп, сынған, кейбіреулерінің шеті ғана көрінеді. Осы аталған балбалдардың екеуінде «ешір» [Мөнхтулга 2019: 633–637] («ашина») қаған әулеті таңбасы бейнеленгені 2019 ж. анықталды.




3-сур. Номгон-2. Алтарь тас. 2019 ж. Сурет Н. Базылхандікі
Fig. 3. Nomgon-2. Sacrificial stone of the complex. 2019. Photo by N. Bazylkhan
Рис. 3. Номгон-2. Жертвенный камень. 2019 г. Фото Н. Базылхан



Сонымен қатар, барық құрылысының керамикалық түрлі әшекейлері мен басқа да артефактілері табылды [Қыдырәлі және т. б. 2019: 80; Цэвээндорж және т. б. 2019: 45].

2019 ж. археологиялық зерттеулер барысында табылған екі аланы бар аталық арыстан (4-сур.). Арыстан екі құлағын артқа қарай жымитып жүрелеп отырған қалпында сомдалған. Арандай ашқан аузынан салақтаған тілі мен ақсиған тістері анық көрінеді. Желмен тербелген кейіптегі үш бұрышты сақалы алқымынан кеудесіне қарай төселген. Көздері бейне бір қорқыныш туғызардай шарасынан шыға бейнеленген. Бауырындағы аланның құлағы, көзі, жалы, құйрығы сәтті бейнеленген. Артқы оң аяғын төмен жазып, сол аяғын алдыға қарай бағыттаған. Құйрығы жон арқасының үстінен күжірейген жалына қарай бағытталған. Мүсінге зер салар болсақ, аузын арандай ашып, тістерін ақсита айбат шегіп тұрған арыстан бейнесі, қандай да бір дүниені (затты) қорғап тұрғанын анық байқауға болады. Арыстанды бейнелеуде шебер монументалды мүсіндеу өнерін биік шыңына жеткізе орындаған. Әлем халықтарының дүниетанымында арыстан «айбатты, күдіретті, күшті» семантикасымен қатар қара күштен, жамандықтан сақтап қорғаушы ретінде қастерлі саналған. Көшпелілерде арыстан бейнесі билік тұлғалардың күдіреті күштілігінің, айбарлы сұстылығының символына айналған. Түрік дәуірінде арыстан бейнесі қағандардың ғұрыптық кешендерінде ғана кездеседі. Бұдан арыстан бейнелеу, оны мүсіндеу қағандық билік иелеріне тән дәстүрлі жоралғы болды.



4-сур. Номгон-2 ғұрыптық кешеніндегі екі аланы бар арыстан мүсіні. 2022 ж. Сурет Ц. Буянхишиг

Fig. 4. Nomgon-2. Statue of a lion with cubs. 2022. Photo by Ts. Buyanhishig

Рис. 4. Номгон-2. Статуя льва со львятами. 2022 г. Фото Ц. Буянхишиг

Қаған тасмүсінінің бас бөлігі. Мүсін басы бозғылт түсті ірі дәнді гранит тасынан жасалынған. Мүсінді бейнелеуші шебер, тұлғаның этникалық, әлеуметтік, жас ерекшелігі белгілері бар нақты образды бейнелеген. Мүсінде орта жастағы ер адамның бейнесі анық байқалады (5-сур.).



5-сур. Номгон-2. Қазба барысында табылған ер адам мүсінінің бас бөлігі. 2022 ж. Сурет Н. Бөгенбаевтікі

Fig. 5. Nomgon-2. Stone head of a man with a headdress. 2022. Photo by N. Bogenbayev

Рис. 5. Номгон-2. Каменная голова мужчины в головном уборе. 2022 г. Фото Н. Богенбаева


Жалпы анықталған балбалдар саны 51. Олардың қатарындағы бастапқы бес балбал мен № 16 балбалда «ешір» (ашина) қаған әулетінің таңбалары анықталса, № 20 балбалда «ай» тәрізді таңба қашалғаны белгілі болды.

Номгон-2 ғұрыптық кешеніндегі 2022 ж. археологиялық қазбалар¹. 2022 ж. қазба жұмыстары 2019 ж. көмілген секторларды тазалаудан бастау алды. Белгіленген секторларға реттілік бойынша қазба зерттеу жұмыстары жалғастырылды. Археология

Табылған мүсіннің бас бөлігі Күлтегін ескерткішінің бас бөлігіне ұқсас [Jisl 1960: 86–115; Сэр-Оджав 1979: 8] бес сайлы тәжі бар бөрік пішініне ұқсас бас киім үлгісі бейнеленген. Мүсіннің бөлігінің жоғары тұсынан басталған қабағы дөңестене келіп, мұрынға жалғасқан. Мұрны қырлы, ұшы дөңгелене аяқталған. Көздері жұмылған қалпында, беті сопақша болып келіп, иегі жұмырлана біткен.

Балбалдардағы «Ешір» (ашина) қаған әулеті таңбасы. Номгон-2 ғұрыптық кешенінде шығысқа қарай 48 дана балбал тастардың тізбегі анықталған. Осылардың қатарындағы № 1, 15 балбал тастардан «ешір» (ашина) қаған әулетінің таңбалары қашалған (6-сур.).

2022 ж. бірлескен экспедиция жұмыстары барысында бітіктастың тасбақа тұғыры табылған сектордан тағы бір балбал анықталды. Бұл кешен құрамындағы ең үлкен, әрі бірінші қойылған балбал. Балбалда «ешір» (ашина) қаған әулетінің таңбасы қашалған. Осы балбал мен ондағы таңбаның көлемі басқа балбалдарға қарағанда өзінің ірілігімен ерекшеленеді.



6-сур. Қаған әулеті таңбасы. Балбал № 1. 2019 ж. Сурет Н. Базылхандікі

Fig. 6. Kagan tamga. Balbal no. 1. 2019. Photo by N. Bazylkhan

Рис. 6. Каганская тамга. Балбал № 1. 2019 г. Фото Н. Базылхан

¹ Номгон–2022 бірлескен экспедицияның зерттеу тобында Дархан Қыдырәлі, Напил Базылхан, Нұрболат Бөгенбаев, Моңғолия Ғылым академиясының Археология институты Ортағасыр секторы меңгерушісі философия докторы (PhD), профессор Алтангэрэлийн Энхтөр, археологтар Цэрэнхандын Буянхишиг, Гончигийн Батболд, сонымен қатар, Моңғолия университеттерінің тарих факультеті студенттері қатысты. Қазба зерттеулері 2022 ж. 28 шілде – 29 тамыз аралығында 30 күн жүргізілді.



ғылымында қалыптасқан әдістердің бірі – қима қалдыру арқылы барықтың төбесінен құлаған қыш және топырақ үйінділерінің профилі мен мәдени қабаты анықталды. Ол үшін барықтың оң, сол және артқы бөліктерінен қима қалдырылып, фото суреті мен сызбасы алынды.

2022 ж. қазба жұмыстары барысында кешеннің жалпы көлемі, сыртқы шеңбері, қабырғасы, қамалы, қақпасы сынды күрделі архитектуралық құрылымдары анықталды. Кешеннің жалпы көлемі 49×41,5 м аумақты құрайды. Батыстан шығысқа қарай созыла орналасқан кешеннің айналасын ор етіп қазып, топырақтарын үйінді етіп қамал жасағаны белгілі болды. Кешеннің батыс жағында ортасында ойығы бар төрт бұрышты үлкен текше тас «алтарь» бар. Алтарьдың астына іргетас ретінде өлшемі: 160 см, ені 80 см, қалыңдығы 14 см болатын төрт бұрышты тас платформа қойылған.

Сонымен қатар, құрылыстың жоғары тұсынан шашырай құлаған қыш жабындылары (черепица) мен топырақ үйінділері тазартылып, барықтың пішіні мен өлшемі белгіленді (7-сур.). Барықтың қабырғасын топырақтан нығыздап қалап, сыртын әкпен сылаған. Әктің қалдықтары профильдерден анық байқалады. Барықтың төбесін жапқан қыш жабындылар (черепица) таза саздан күйдіру әдісі арқылы өте берік етіп жасалған. Ол үшін сазды ағаш қалыпқа дөңгелек пішінде құйып, қалыптан шыққан соң ортасынан екіге бөлген. Жабындылардың ішкі тұсында қалыпқа салынған матаның іздері анық сақталған. Тұтас сақталған қыш жабынды өлшемінің ұзындығы – 34 см, ені – 13,5 см, қалыңдығы 1,8 см құрайды.

Кешенде бағиқ-барық (ғұрыптық ғибадат орны) болғанын айқындайтын қыш жабындылар мен жаяу жүргінші жолына төселген кірпіштердің қалдықтары анықталды. Барықтың іші тоналғанын



7-сур. Номгон-2. Кешеніндегі археологиялық қазбалар барысының әуеден түсірілімі. Сурет Б. Гончигийн

Fig. 7. Nomgon-2. General view of the memorial complex. Photo by B. Gonçigiin

Рис. 7. Номгон-2. Общий вид поминального комплекса. Фото Б. Гончигийн



сыртқа шығарылып тасталған еден кірпіштерінен анық байқалады. Сәйкесінше, әр жерде кірпіш сынықтары кездесіп отырды. Кірпіштерді жергілікті қиыршық тас пен топырақты араластырып, арнайы қалыпқа салып, күйдіру әдісі арқылы жасаған. Сақталған кірпіш өлшемінің ұзындығы – 33 см, ені – 17,5 см, қалыңдығы 6,8 см құрайды.

Барықтың батыс жағынан қаған бәдіз-тасмүсін табылды. Ол бастапқыда барық ішінде орналасқан болуы мүмкін. Кейін тонаушылар барықты қиратқанда осы тасмүсінді де кешеннің батыс жағына сыртқа шығарып тастауы ықтимал. Қаған малдас құрып отырған кескінде сомдалған. Белінен жоғары жағы сынған, сол қолы тізесінің үстіне қойылған. Жалпы, кешенде алты адам бәдіз-тасмүсіні болған. Екі тасмүсіннің тек төменгі бөлігі сақталған. Олар бастапқы орындарында тұр, қалған тас мүсіндер әртүрлі секторлардан ұсақ бөлшектерге бөлінген күйінде табылды. Қошқар тас мүсіндерінің басы сынған, қалған бөлігі жақсы сақталған. Барлық тас мүсіндер бозғылт түсті ірі дәнді гранит тастан қашалған.

Сонымен қатар, кешеннің батыс жағында ортасында ойығы бар алтарь, адам тасмүсіндері, қасында екі аланы бар арыстан тас мүсіні және екі қошқар тас мүсіні табылды. Жалпы, қазба барысында өңделген дөңгелек тастар мен ағаш қалдықтары, жылқы, қой сүйектері, өртелген құрбандық орындары анықталды. Барлық жаңадан табылған артефактілердің сызба суреттері мен эстампаждары алынып, ғылыми құжаттары жасалды.

Археологиялық қазба барысында өлшемі 70×74,5 см, ені 19 см болатын бітіктастың жоғары тұсы табылды (8-сур.). Сонымен қатар осы бітіктастың тасбақа тұғыры да қазылып алынды (9-сур.). Тасбақа тұғыр шығысқа қараған күйі, яғни бастапқы қалпынан көп айнымаған қалпында сақталған. Тек бас бөлігінің жоғары тұсы сынған. Тасбақа сауытының жоғары тұсында бітіктасты орнату үшін



8-сур. Номгон-2. Бітіктастың II беті. Бітіктастың эстампажына негізделіп салынған сызбасы.
Иллюстрацияны даярлаған Н. Базылхан

Fig. 8. Nomgon-2. Side II of the ancient Turkic inscription.
Drawing based on an estampage copy of the stele. Illustration prepared by N. Bazykhan

Рис. 8. Номгон-2. Сторона II древнетюркской надписи.
Прорисовка на основе эстампажной копии стелы. Иллюстрация подготовлена Н. Базылхан



9-сур. Номгон-2. Қазба барысында табылған бітіктастың тасбақа тұғыры. Сурет Ц. Буянхисиг

Fig. 9. Nomgon-2. Turtle foundation discovered during excavations. Photo by Ts. Buyanhishig

Рис. 9. Номгон-2. Фундамент черепахи, обнаруженный при раскопках. Фото Ц. Буянхисиг

үштен қойылған. Бұл бітіктастағы көне түрік бітік жазулы мәтіннің таңба-әріптері «Чойр», Ел етміш йабғұ («Онгийн»), Күлі-чұр сынды бітіктастардағы көне түрік мәтіннің таңба-әріптеріне ұқсас келеді. Демек, таңба-әріптері графикалық сызықтары мен мәтін жазу стиліне орай ең алғашқы жазба ескерткіштердің бірі деп айтуға әбден болады.

Ал, соғды мәтіні орташа жағдайда сақталған (10-сур.). Брахми жазулы мәтіні тіпті көмескі. Осы ретте, барлық тілде жазылған мәтіндеріндегі сөйлем толық аяқталмағанын алдын ала ескертеміз.

жасалған арнайы қиғаш ойық бар. Тасбақа тұғырдастың өлшемі: ұзындығы 97,5 см, ені 73 см, биіктігі – 41 см.

Бітіктастың әр қырында (шартты түрде қапталы мен қырларын: I–IV деп белгіледік) көне түрік бітік (I, II, IV), соғды (III) және брахми (IV-1) жазулы мәтіндер қашалып жазылған. Алдын-ала зерттеу бойынша, бітіктастың (II) бет тұсының 19 жолының 12-сі жақсы сақталған. Мәтіндегі кейбір әріптер көмескі көрінгендіктен анық оқылмайды. Көне түрік мәтінінде сөз бен сөз тіркестерді ажыратушы нүкте белгісі



10-сур. Номгон-2. Бітіктастың III қырындағы көне соғдыша мәтіні. Сурет А. Энхтәр

Fig. 10. Nomgon-2. Part of the Sogdian inscriptions of the side III. Photo by A. Enkhtar

Рис. 10. Номгон-2. Часть согдийских надписей стороны III. Фото А. Энхтәр



Құтлұқ қаған бітіктасы мәтінінің алғашқы оқылымы
Preliminary reading of the text of the Kutluk Kagan stele
Предварительное прочтение текста стелы Кутлук кагана

Қапталы мен қырлары	жол	Мәтін	Қазақша жаңғыртпасы
I	Көне түрік тіліндегі транскрипциясы		
		?	
		?	
		?	
	...?	?	
II	Көне түрік тіліндегі транскрипциясы		
		ud yil: toquzunč: ay: [y.....]	сыыр жылы: тоғызыншы ай
		[ed?]kim: üčün: üčünčü[k.....]	..кім: үшін: үшінші.....
		almış: Teğri: oylu: [.....]	алған екен: Тәңірі ұлы.....
		[Q]utluy qayan: Türuk [.....]	Құтлұқ қаған : Түрік.....
		Ur oylum: yüz yüz [.....]	ұл балам: жүз жүз.....
		[r]: biziç:önlüg: [sek.....]	Біздің: көрікті.....
		:ïtdim: [sizi //bizi?]: yater: [.....]	жасадым: бізді жат: ер.....
		yerde: qa[z].. toz.....[.....]	жерде: қаз.....
		tümen: tümen: [.....]	түмен :түмен.....
		atadim: bin[?]biç[bič?]dim [.....]	атадым:..... бiчдiм (кестiм?)...
		isig :küçüg: ber[+.....]	iстi күштi бер....
		es[?] :qop ešti [qopašt?.] ...	ес: көп естiдiк.....
	13-19
III	Көне соғдыша транскрипциясы		
		
		Qutlugx'g'n.....	Құтлұқ қаған
		
		
		
		tti.....	
IV	Көне түрік тіліндегі транскрипциясы		
		?	
		?	
		?	
	...?	?	
IV-1	Көне брахми жазуының транскрипциясы		
	1	?	
	2	?	
	3	?	
	...?	?	



4 Талқылаулар (Қыдырәлі Д., Энхтөр А., Базылхан Н.)

Құтлық Елтеріс қаған Түрік қағандығын қайта өрлетіп, батыста Темір қапығ (қақпа), шығыста Бөклі (Корей) түбегіне дейінгі аралықта қуатты империя құрған ұлы билеуші. Ол билік еткен жылдары сыртқы жауларына 47 рет жорық жасап, ірі шайқастарда әскерді өзі бастап, жеңістерге жеткен даңқты қолбасшы. Оның «Құтлұқ» деген лауазымы 682 ж. бастап қолданыла бастаған және одан ілгері қағандарда мұндай лауазым түрі кездеспейді. Сонымен қатар, мәтініндегі «**ud yil: toquzunč: ay**>сиыр жылы, тоғызыншы ай» деген мәтін үзіндісі б.д. 676–677, 688–689, 701–702 жж. бірін меңзейді. Әсіресе мәтіндегі 676–689 жж. Құтлық қағанның тарих сахнасына шыққан уақытымен тұспа-тұс келеді. Дегенмен, алдағы қазба жұмыстары барысында бітіктастың төменгі сынық тұсы табылса тарихи оқиғалардың мерзімдері толыққанды нақтылана түседі деп ойлаймыз.

Көне түрік бітік жазба ескерткіштерінде Құтлық қаған «**Elteriš qaγan**>Елтеріс қаған» деген атақпен белгілі. Ол 682–692 жж. табғаштарға қарсы күресте жеңіске жетіп, апа тархан Тонықұқ пен Құтлық қағанның туған інілері Қапаған, Ел Етміш йабғұ сынды баһадүрлермен он жылға жуық барлық көшпелі халықтарды бір тудың астына біріктіріп, Түрік қағандығын қайта жаңғыртып, елді теріп (жинап), мемлекеттің іргесін бекітеді. Ол туралы Күлтегін бітіктас жазуында былай деп жырланады: «Әкем қаған он жеті ер-батыр жинапты. (Олар) тыста жортуылда жүр дегенді бәрі есітіп, қаладағылар жиналды. Таудағылар сонда барып қосылды. Жиналып жетпіс ер батыр болды». Осылайша Құтлық қаған артына ерген халқымен азаттық күресін жүргізіп, Тәңірі қолдап халқына азаттық әпереді. Орхон ескерткішінде бұл жайлы: «Түрік Тәңірісі, Түріктің киелі Жер-Суы былай депті: Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-білге қатұнды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті» деп баяндалады.

Жалпы, Құтлық Елтеріс қаған жайында бұрын анықталған көне түрік жазба ескерткіштерінде де мәліметтер сақталған. Мәселен, «Чойр» бәдізіндегі мәтінде (3-жол): «*Elteriš qaγanqa qoñ yil üčünč ay jeti-qa adirilimiz* – Елтеріс қағаннан қой жылы үшінші ай жетісінде айырылды» деп баяндалады. Ел етміш йабғұ бітіктасы мәтінінде (11-жол): «*Elteris: qaγanqa: adirilmaduq: yañilmaduq: Teñiri: bilge: qaγanta: adirilmalim: azmalim: tejin: anča: ötledim: keri: barıyma: bardı: bilge: qaγanin: budunı: ...bardı: ülügen atqa: esig: küčüg: bertı: -* Елтеріс қағаннан айырылады, жаңылмадық, Тәңірі білікті қағаннан айырмасын, азбайық деп сонша өтіндік. Кері барып қосылдық... Білікті қағанның халқы... барды. Үлесті атаққа ісімізді, күшімізді бердік» деген мәтіндер сақталған. Тонықұқ бітіктасы мәтінінде (6–7- жол): *Bilge: Tuñıuq: Boyla Baya Tarqan: birle: Elteris qaγan: bolıyu: berıye: Tabıačıy: öñre: Qıtañıy: yırıya Oyuzıy: üküš ök: ölürtı: bilgisi: čabısi: ben ök: ertim: Čıyay qızıñin: Qara Qumıy: olurur: ertimez: -* Білге Тонықұқ бойла баға тарханмен бірге Елтеріс қаған болып, оң жаққа Табғашты, ілгері Қытанды, сол жаққа Оғызды барлығын жаулады. Біліктісі, сөз шешені мен өзім болдым. Шығайқұздың Қара құмында отырған едік», (50-жол) «*Elteris qaγanqa: ...üčdi: Türik Böğü qaγanqa: Türik Bilge qaγanqa: ...* - Елтеріс қағаннан...ұшты (қайтыс болды), Түрік Бөгү қағаннан, Түрік Білген қағаннан...», (61-жолда) «*Elteris qaγan: Bilge Tuñıuq-ıq: qazıantıq üčün: Qaraγan qaγan: Türik Esir budun: yorıdıqı bu* – Елтеріс қаған, Білге Тонықұқ иемденгені үшін, Қапаған қаған, Түрік Ешір халқы жорытқаны бұл...» деп, Құтлық Елтеріс қаған қатысқан барлық тарихи оқиғалар жазылған [Базылхан 2005: 252; Қыдырәлі, Базылхан 2020: 125; 2022].

Ал, қытай деректерінде Құтлық қағанды: «... ашина Сели (Сері) қаған әулетінің Гудуло...тоз тоз болған елдің басын қайта қосып, Цзунцай (Хангай) тауына барып шоғырланды және Хэйша (Қарақұм) қаласында билік жүргізді. Қол астында 5000 адамы болды... Сөйтіп ол біраз күш жинаған соң өзін «қаған» деп атады да, інісі Мочоға (Қапаған) «шад», Досуфуга «ябғұ» лауазымын



тағайындады. ...Гудолуға ақылшы болды. Гудолу оны (Тонықұқ) «ана тархан» етіп тағайындап, әскерін түгел соған басқартты...» деп сипаттайды. Осы деректерге сүйене отырып, Құтлық қағанның «Елтеріс» деген қағандық атауы оның даңқы ел-жұртқа кеңінен таралып, қастерлеп, құрметтеуден пайда болған деуге негіз бар.

5 Қорытынды (Энхтөр А., Базылхан Н.)

Елтеріс Құтлыққа арналған бұл бітіктас «**Türük**>Түрік» атауы алғаш рет таңбаланған әрі Орхон ескерткіштері сынды мемлекеттік деңгейдегі аса маңызды жазба ескерткіштердің бірі саналады. Археологиялық қазба зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып әрі қазба барысында табылған көне түрік, соғды, брахми жазулы бітіктастың мәтініне негіздей келе Номгон-2 ғұрыптық кешені (*шартты түрде*-екінші) Түрік қағандығын қайта дәуірлеткен әйгілі Елтеріс Құтлық қағанға арналған деп алдын-ала тұжырымдауға болады. Атап айтқанда, VII–VIII ғғ. салтанат құрған Шығыс Түрік қағандығы дәуіріне тиесілі. Қазба барысында табылған жануар сүйектері радиокарбондық талдау жасату үшін лабораториялық зерттеулерге жіберілді. Алдағы мерзімде радиокарбондық талдау нәтижесіне орай ескерткіштің нақты мерзімі айқындалады.

Бұл ғұрыптық кешен барлық белгілері жағынан Білге қаған мен Күлтегін ғұрыптық кешендеріне ұқсас. Құтлық қаған бітіктасының жоғарғы тұсында төмен қарап жотасын көтеріп тұрған екі бөрі бейнесі қашалған. Дәл осындай қағандық атрибутикалардың – қасқыр (*айдаһар іспетті денелі*) бөрі сюжетінің Таспар қаған, Білге, Күлтегін және басқа ескерткіштерінің жоғарғы тұсында қашалғаны белгілі [Шивээт улаан... 2018: 272].

Қағандардың құрметіне орнатылған мұндай ғұрыптық кешендер көне түрік қоғамында әуелде киелі жер ретінде қастерленіп, «барық» деп аталды. Расында, ғұрыптық кешендер орнатылған жерлер қаған иелігіне айналып, арнайы қорғалып отырған. Қазір де жергілікті тұрғындар бұл жерлерді киелі орын ретінде құрметтеп, көздің қарашығындай сақтап отыр. Алдағы уақытта Номгон-2 ғұрыптық кешенінің архитектуралық құрылымы мен табылған артефактілеріне талдау, жаңғыртпа жасау, реставрациялау жұмыстары жалғастырылады.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас) // Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 252 +144 б.
- 2 Баяр Д. Новые находки археологических памятников древних тюрков в Монголии // Uluslararası Zeki Velidi TOĞAN ve Türk Kültürü Sempozyumu (Ekim, 13–15, 2010) / Editör. İsenbike Toğan. Afyonkarahisar: Afyon Kocatepe Üniversitesi, 2010. S. 25-35.
- 3 Баяр Д. Монголын дундад зууны археологийн судалгаа. Бүтээлийн эмхтгэл. III боть (Моңғолиядағы ортағасырлық археологиялық зерттеулер. Шығармалар жинағы. III том) (2004–2010 он) / Эрхэлсэн Д. Цэвээндорж, эмхтгэж хэвлэлд бэлдсэн Р. Мөнхтулга. Улаанбаатар: «Удам соёл» хэвлэлийн компани, 2014. X. 106-112.
- 4 Қыдырәлі Д. (бас ред.), Базылхан Н. (жауапты ред.). Тонықұқ. Бітіктасы мәтіннің аудармалары: эзербайжан, қазақ, қырғыз, түрк, тыва, моңғол, мажар, неміс, орыс, ағылшын, француз, қытай тілдерінде. Халықаралық Түркі академиясы: «Ғылым» баспасы, 2020. 125 б.
- 5 Қыдырәлі Д. (бас ред.), Базылхан Н. (жауапты ред.). Kültegin. Бітіктасы мәтіннің аудармалары: эзербайжан, қазақ, қырғыз, түрк, татар, тыва, моңғол, мажар, неміс, орыс, ағылшын, француз, корей, қытай тілдерінде. Халықаралық Түркі академиясы: «Ғылым» баспасы, 2022. 368 б.
- 6 Қыдырәлі Д., Цэвээндорж Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Далантай С., Бөгенбаев Н., Буянхишиг Ц. «Номгон–2019» бірлескен экспедициясы археологиялық қазба зерттеулерінің ғылыми есебі. Астана: Халықаралық Түркі академиясы; Моңғолия Тарих, археология институты, 2019. 80 б. (қазақша, моңғолша).



- 7 Қыдырәлі Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Бөгенбаев Н., Буянхишиг Ц., Батболд Г. «Номгон–2022» бірлескен экспедициясы археологиялық қазба зерттеулерінің алдын-ала ғылыми есебі. Астана: Халықаралық Түркі академиясы, Моңғолия Археология институты, 2022. 50 б. (қазақша, моңғолша).
- 8 Мөнхтулга Р. Тоньюкукийн гэрэлт хөшөөний бичээсийн ашиг хэмээх нэрийн тухай (Тоньқұқ бітіктасы мәтіндегі ашиг деген атау жайында) // Ази судлал. Олон улсын эрдэм шинжилгээний тавдугаар хурал (Азия зерттеу. Халықаралық ғылыми 5-конференция). Ulaanbaatar, 2019. Vol. V. 633-637.
- 9 Очир А., Одбаатар Ц., Эрдэнэболд Л., Анхбаяр Б. Номгоны түрэг дурсгалууд (Номгондағы түрік ескерткіштері) // Nomadic Studies. Нүүдэл судл. Уаанбаатар, 2009. 35-47.
- 10 Сэр-Оджав Н. Хүл Тегиний булшнаас олсон хүн чулууны толгой (Күлтегин кабірінен табылған тасмүсіннің басы) // Studia Archaeologica. 1979. Tomus I, fasc. 6. 8 т.
- 11 Цэвээндорж Д., Қыдырәлі Д., Энхтөр А., Нанил Б., Далантай С., Бөгенбаев Н., Буянхишиг Ц. Монгол улс-Олон улсын Түрэг академиян хамтарсан «Номгон» төслийн 2019 оны хээрийн шинжилгээний ажлын тайлан (Моңғолия-Халықаралық Түркі академиясы «Номгон» бірлескен жобасының далалық ғылыми зерттеулердің есебі). Улаанбаатар, 2019. 45 х.
- 12 Шивээт улаан көне түрік ғұрыптық кешені. Археологиялық зерттеудің фотоальбомы. Астана: «Ғылым» баспасы, 2018. 272 б.
- 13 Энхбат Г., Анхсанаа Г., Даваацэрэн Б. Монгол нутаг дахь түүх, соёлын үл хөдлөх дурсгал (Моңғолия жеріндегі тарихи-мәдени жылжымайтын ескерткіштер) // Historical and Cultural Immovable Properties in Mongolia. VIII дэвтэр. Архангай аймаг. Улаанбаатар: «Edition», Соёлын өвийн төв, 2012. 40-41.
- 14 Энхбат Г., Анхсанаа Г., Даваацэрэн Б. Монгол нутаг дахь түүх, соёлын үл хөдлөх дурсгал (Моңғолия жеріндегі тарихи-мәдени жылжымайтын ескерткіштер) // Historical and Cultural Immovable Properties in Mongolia. X дэвтэр. Архангай аймаг. Улаанбаатар. Соёлын өвийн төв, 2013. 86 х.
- 15 Энхтөр А. Номгоны хөндий дэх эртний түрэгийн онгон цогцолборууд (Номгон жазығындағы көне түрік ғұрыптық кешендері). Улаанбаатар. Археологийн хүрээлэнгийн гар бичмэлийн сан хөмрөг. 2001 он. 25 х.
- 16 Bayar D. Moğolstanda Eski türklere ait yeni arkeolojik buluntular // Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğiti Dergisi Sayı. 2012. 1/1. S. 6-25.
- 17 Jisl L. Vyzkum Külteginova pamatnfku v Mongolske (Monument Kultegin of the Mongolian) // Journal of Archaeologicke Rozhledy. 1960. 12-1. P. 86-115.

REFERENCES

- 1 Bazylkhan, N. 2005. In: *Kazakstan tarihy turaly turki derektemeleri (Turkic sources about the history of Kazakhstan)*. Almaty: “Daik-Press” Publ. (in Kazakh).
- 2 Bayar, D. 2010. In: İsenbike Toğan (ed.). *Uluslararası Zeki Velidi TOĞAN ve Türk Kültürü Sempozyumu*. Afyonkarahisar: Afyon Kocatepe Üniversitesi, 25-35 (in Russian).
- 3 Bayar, D. 2014. In: Tseveendorj, D., Munkhtulga, R. (eds.). *Medieval archaeological research in Mongolia. Collection of works. Volume III (2004-2010)*. Ulaanbaatar: “Udam Kultur” Publ., 106-112 (in Mongolian).
- 4 Kydyraly, D., Bazylkhan, N. (eds.). 2020. *Tonykuk. Bitiktasy matinnin audarmalary: azerbaijan, kazak, kyrgyz, turk, tyva, mongol, mazhar, nemis, orys, agylshyn, frantsuz, kytai tilderinde (Tonykuk. Translations of the original text: Azerbaijan, Kazakh, Kyrgyz, Turkish, Taisha, Mongolian, Hungarian, German, Russian, English, French, Chinese)*. International Turkish Academy: “Gylım” Publ.
- 5 Kydyraly, D., Bazylkhan, N. (eds.). 2022. *Kültegin. Bitiktasy matinnin audarmalary: azerbaijan, kazak, kyrgyz, turk, tatar, tyva, mongol, mazhar, nemis, orys, agylshyn, frantsuz, korej, kytay tilderinde (Kultegin. Translations of the original text: Azerbaijani, Kazakh, Kyrgyz, Turkish, Tatar, Tyva, Mongolian, Hungarian, German, Russian, English, French, Korean, Chinese)*. International Turkish Academy: “Gylım” Publ.
- 6 Kydyraly, D., Tseveendorj, D., Enkhtor, A., Bazylkhan, N., Dalantay, S., Bogenbayev, N., Buyankhishig, Ts. 2019. “Nomgon–2019” birlesken ekspeditsiyasy arheologiyalyk kazba zertteulerinin gylimi esebi (Scientific report of archaeological excavations of the “Nomgon-2019” joint expedition). Astana: International Turkish Academy, Mongolian Institute of History, Archaeology (in Kazakh and in Mongolian).
- 7 Kydyraly, D., Enkhtor, A., Bazylkhan, N., Bogenbayev, N., Buyankhishig, C., Batbold, G. 2022. “Nomgon–2022” birlesken ekspeditsiyasy arheologiyalyk kazba zertteulerinin aldyn-ala gylimi esebi (Preliminary scientific



- report of archaeological excavations of the joint expedition “Nomgon-2022”*). Astana: International Turkish Academy; Mongolian Institute of Archaeology (in Kazakh and in Mongolian).
- 8 Monkhtulga, R. 2019. About the name āšir in the Tonyukuk Inscription In: *Asian studies. 5th International academic conference*. Ulaanbaatar (in Mongolian).
- 9 Ochir, A., Odbaatar, Ts., Erdenebold, L., Ankhbayar, B. 2009. In: *Nomadic Studies*, 35-47 (in Mongolian).
- 10 Ser-Odjav, N. 1979. In: *Studia Archaeologica*, I, fasc. 6, 8 (in Mongolian).
- 11 Tseveendorj, D., Kydyraly, D., Enkhtor, A., Bazylkhan, N., Dalantai, S., Bogenbayev, N., Buyankhishig, Ts. 2019. *Mongol uls-Olon ulsyn Tureg akademijn hamtarsan “Nomgon” toslijn 2019 ony heerijn shinzhilgeenij azhlyn tajlan (2019 Field Analysis Report of the Joint Mongolia-International Turkic Academy “Nomgon” Project)*. Ulaanbaatar (in Mongolian).
- 12 Shiveet ulaan kone turik guryptyk kesheni. 2018. Arheologiyalyk zertteudin fotoalbomy (*Shiveet ulaan ancient Turkish ritual complex. Photo album of archaeological research*). Astana: International Turkish Academy (in Kazakh and in Mongolian).
- 13 Enkhbat, G., Davaatseren, B., Bold, R. 2012. In: *Historical and Cultural Immovable Properties in Mongolia*. VIII. Arhangay province. Ulaanbaatar: “Edition” Publ., 40-41 (in Mongolian).
- 14 Enkhbat, G., Ankhsanaa, G., Davaatseren, B. 2013. *Historical and Cultural Immovable Properties in Mongolia*. X. Arkhangai province. Ulaanbaatar (in Mongolian).
- 15 Enkhtör, A. 2001. *Nomgony hondij dekh ertnij turegijn ongon cogcolboruud (Ancient Turkic virgin complexes in Nomgon valley. Manuscript Collection of the Institute of Archaeology)*. Ulaanbaatar (in Mongolian).
- 16 Bayar, D. 2012. In: *International Journal of Turkish Literature, Culture and Education*, 1/1, 6-25 (in Turkish).
- 17 Jisl, L. 1960. In: *Journal of Archaeologicke Rozhledy*, 12-1, 86-115 (in Hungarian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 25.01.2023.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 02.02.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.02.2023.

